

ӘОЖ 811.512.122'362

А.А. Құрманәлі,

С. Демирел атындағы университетінің
ассоц. профессоры, PhD докторы, Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: altynshash777@hotmail.com

Қазақ тіліндегі *-ыл* көсемшелі өткен шақ тұлғасының функционалды-семантикалық ерекшеліктері

Қазақ тілі өткен шақ тұлғаларының көптігімен ерекшеленеді. Сонымен қатар, өткен шақ көрсеткіштерінің саны жағынан болсын, олардың мағыналарының тұрақтылығы жағынан болсын етістік шақтары ішіндегі анағұрлым орныққан, қалыптасқан шақ болып саналады. Өткен шақ етістіктің басқа шақтарынан мағыналарымен ғана ерекшеленбейді, морфологиялық көрсеткіштері арқылы да ерекшеленеді. Осыған орай, мақалада қазақ тіліндегі *-ыл* көсемшелі өткен шақ тұлғасының функционалды-семантикалық ерекшеліктері қарастырылады. *-ыл* көсемшелі өткен шақ тұлғасын ретроспективті қарастыру арқылы оның даму жолы көрсетіледі. Автор *-ыл* көсемшесінен жасалған өткен шақтың бұл түрінің қазақ тілінде өте жиі қолданылатындығын тілге тиек етеді. Сонымен қатар, мақалада аталған тұлғаны атауда тілші ғалымдар арасында бірізділік жоқтығы сөз етіледі.

Түйін сөздер: өткен шақ, *-ып* көсемшелі өткен шақ тұлғасы, функционалдық ерекшеліктер, семантикалық ерекшеліктер, талдау.

A.A. Kurmanali

Functional and Semantic Characteristics of the Past Tense Form with the suffix *-yp*.

The Past tenses in the Kazakh language differ from other tenses first of all by the variety and complexity of their semantic connotations. The Past form with the participle suffix *-yp* is different from other forms of tenses not only by its semantic, but also by morphological indicators. The functional and semantic characteristics of this tense are revealed in the course of studying its usage in different situations. The article focuses on the functional and semantic characteristics of the Past Form, which is formed with the Participle suffix *-yp*. The purpose of the study is to reveal all the possible functional and semantic characteristics of the Past Form with the Participle suffix *-yp* within the light of the selected examples.

Key words: past tense, past form with the suffix *-yp*, functional characteristics, semantic characteristics, analysis.

А.А. Курманали

Функционально-семантические особенности формы прошедшего времени на *-ыл*

Формы прошедшего времени в казахском языке отличаются от других временных форм прежде всего многочисленностью и многообразием смысловых оттенков. Многообразие терминологии для одних и тех же форм прошедшего времени наблюдается в работах многих лингвистов. Одним из самых спорных вопросов категории прошедшего времени в казахском языке является статус аналитических форм. Прошедшее время на *-ып* отличается от других времен не только семантикой, но и морфологическими показателями. Функционально-семантические особенности этой формы прошедшего времени лучше всего выявляются при изучении ее использования в различных ситуациях. В статье рассматриваются функционально-семантические особенности прошедшего времени в казахском языке, формирующегося при помощи аффикса *-ып*. Целью проведенного исследования является анализ примеров на основе художественных текстов.

Ключевые слова: прошедшее время, форма прошедшего времени на *-ып*, функциональные особенности, семантические особенности, анализ.

Шақ категориясы ашық райға тән болып табылады және іс-қимылдардың шындыққа қатынасын білдіреді. Шақ – іс-қимылдардың орындалу мезгілі мен баяндаушының сөйлеу сәті арасындағы қарым- қатынасты білдіретін грамматикалық категория. Етістіктердің негізгі категорияларының бірі болып саналатын бұл категория тұлғаларының молдығымен және күрделілігімен ерекшеленеді. Қазақ тілінде шақ категориясы Қ. Жұбанов Т. Қордабаев, А. Ысқақов, Ы. Маманов, М. Серғалиев, С. Исаев, Ә. Төлеуов, М. Томанов, Ж. Түймебаев т.б. сынды белгілі ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады.

Қазіргі қазақ тілінде шақ категориясы морфологиялық белгісіне, шақтық мағынасына қарай өткен шақ, осы шақ және келер шақ болып үшке бөлінеді. Сөйлеу сәтінен бұрын болып өткен іс-қимылдарды өткен шақ, сөйлеу сәтінде болып жатқан іс-қимылдарды осы шақ, сөйлеу сәтінен кейін болатын іс-қимылдарды келер шақ білдіреді.

өткен шақ	осы шақ	келер шақ
сөйлеу сәтінен бұрын болып өткен іс-қимылдар	сөйлеу сәтінде болып жатқан іс-қимылдар	сөйлеу сәтінен кейін болатын іс-қимылдар

Қазақ тілі өткен шақ тұлғаларының көптігімен ерекшеленеді. Өткен шақ – сөйлеу сәтінен бұрын орындалатын іс-қимылды білдіру үшін қолданылатын грамматикалық категория. Өткен шақты көрсеткіштерінің саны жағынан болсын, олардың мағыналарының тұрақтылығы жағынан болсын етістік шақтары ішіндегі анағұрлым орныққан, қалыптасқан шақ деп атауға болады. Осы шақ пен келер шақ көрсеткіштерінің көпшілігінде болатын және жиі ұшырап тұратын мағыналық тұрақсыздық және ауыспалылық өткен шақтық көрсеткіштерде кездеспейді немесе өте сирек кездеседі [1, 97].

Өткен шақ етістіктің басқа шақтарынан мағыналарымен ғана ерекшеленбейді, морфологиялық көрсеткіштері арқылы да ерекшеленеді. Атап айтқанда, өткен шақ төмендегі морфологиялық көрсеткіштермен жасалады:

- 1) -ты, -ті, -ды, -ді
- 2) -қан, -кен, – ған, -ген
-қан еді, -кен еді, – ған еді, -ген еді
- 3) - атын, -етін, – йтын, -итін
- атын еді, -етін еді, -йтын еді, -итін еді
-ушы еді, -уші еді

4) -ып, -іп, -п

5) отыр (тұр / отыр/ жүр) еді

Тарихи даму барысына назар аударсақ, қазіргі түркі тілдерінің бірқатарында (азербайжан, ұйғыр, қырғыз, түрікмен тілдерінде) өткен шақтың бұл түрі жіктелу үлгісінің өзіндік қолданысымен айрықшаланады.

М.Томанов *-ып* көсемшесінен жасалған өткен шақ жайында төмендегідей тұжырым жасайды: «*-ып* тұлғалы өткен шақ Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде кездеспейді. Алғашқы *-ып+турур+мен* формасында ұшырасуы XIII-XIV ғасырдан басталады. Тілдің ішкі заңдылықтары негізінде әрқашан сұрыпталу процесінің жүріп жатуы бір функцияны атқаратын бірнеше вариантты формаларының ең ықшамдысын ғана таңдауға алып келеді. Қазіргі қазақ және туыстас түркі тілдеріндегі *-ып* көсемшелі өткен шақ формасы сөйтіп о бастағы *-ып + турур+мен* формасының ықшамдалуы нәтижесінде дамып қалыптасқан» [2, 241].

Қазақ тіліндегі *-ып* көсемшелі өткен шақ тұлғасын ретроспективті қарастыру оның даму жолының мына тұрғыдан өткендігін көрсетеді:

I. *-ып + турур+мен > -ып + тур+мен > -ып + мен > ып + пын*

II. *-ып + турур+сен > -ып + тур+сен > -ып + сен > ып + сың*

III. *-ып + турур > -ып + тур > -ып + ту > ып + ты* [3, 46].

-ып көсемшесінен жасалған өткен шақтың бұл түрі тілімізде өте жиі қолданылады. Алайда басқа да шақтық тұлғалар сияқты бұл тұлғаны атауда тілші ғалымдар арасында бірізділік жоқ, сондықтан оқулықтарда осы тұлға түрліше аталып жүргені белгілі. Атап көрсететін болсақ, *-ып* көсемшелі өткен шақты Т. Қордабаев «*айғақсыз өткен шақ*», А. Ысқақов «*танық өткен шақ (айғақсыз өткен шақ)*», М. Серғалиев пен Ы. Маманов «*ежелгі өткен шақ*» деп атаса, ұжымдық еңбек «Қазақ грамматикасында» (1999) бұл тұлға «*бұрынғы өткен шақ*» деп аталған.

Жалпы алғанда, *-ып* көсемшелі өткен шақ сөйлеушінің басқа біреуден немесе ақпарат көзінен естіп білген, сондай-ақ өз көзімен көрмеген, көрсе де ол сәтте байқамаған, яғни кейіннен мән-жайын түсінген немесе есіне түсірген іс-әрекеттер мен оқиғаларды білдіреді. Өткен шақтың басқа түрлеріндегі (жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ, ежелгі өткен шақ т.б.) сияқты, өткен шақтың бұл формасында да сөйлеу сәтіне дейін істеліп біткен іс-әрекеттер баяндалады.

-ып көсемшелі өткен шақтың негізгі қызметтерінің бірі сөйлеуші куә болмаған, қатыспаған немесе оның еркінен тыс болған, я басқа біреуден естіген іс-қимылды білдіру болып табылады. Талдаған мысалдарымыздың көпшілігінде аталған тұлғаның осы мағынасында қолданылғанын көруге болады. Мысалы:

Ол түні Жұмабайдың хабарын естісімен Абайға бармай, тура Қарашоқыға *тартыпты*. (АЖ, 108).

Талай мың қонақтың ішінде Абай күткен қонақтар өзгеше бір естен кетпес *сый көріпті*. (АЖ, 207)

Мен туғанда, досым, сенің әкеңнің *Жазылыпты* Абай жайлы кітабы. (ҒБ, 277)

Келген күні кешке Құнанбайды өзі түскен пәтеріне *шақырыпты*. (АЖ, 167)

Жоғарыда келтірілген мысалдардан ақиқатта орындалған және орындалғандығы жөнінде еш күмән болмаған іс-қимылдың баяндалғанын байқауға болады. Бұл мысалдарда баяндалған оқиғалар мен іс-қимылдардың ақиқат дерек және жүзеге асқан іс-қимыл екені анық көрінеді. Алайда, сөйлеуші іс-қимылды істеген адамның өзінен немесе басқа біреуден, кез-келген ақпарат көзінен жеткілікті мәлімет алғанымен, іс-қимылдың орындалу кезінде басы-қасында болмаған.

-ып көсемшелі өткен шақ, әсіресе, халық әдебиетінің маңызды саласы болып саналатын ертегілер мен аңыздарды, әңгімелер мен анекдоттарды баяндау үшін қолданылатын өнімді тұлға. Айғақсыз өткен шақтың осы қолданысында ерекшелік байқалады. Мысалы:

Қырқасынан қыран ұшқан, сен ер жеткен аймақты,

Ертеде бір хан *билепті*, кәусар әрі салмақты. (ҒБ, 252)

Сол Масғұт қыдыр шалдан бата *алыпты*. (Абай II, 267)

Ол аралды көруге көп адамның Қатал тағдыр *жазбапты* маңдайына. (ҒБ, 98)

Баяғыда аң патшасы арыстан ормандағы барлық аңдарды жинап, әлемдегі ең қайратты, ең ақылды әрі ең епті кім екенін *білгісі келіпті*. (ЕА, 284)

–Қожаке, айтыңызшы, ертең жаңбыр жауа ма, жаумай ма? – деп *сұрапты* біреу.

Сонда Қожанасыр аспанға бір, жерге бір қарап қойып: «Жауар-жаумасын ертең айтайын» *депті*. (ЕА, 327)

-ып көсемшелі өткен шақ негізінде ауыз әдебиетіне тән тұлға, әйтсе де жоғарыда келтірілген мысалдарда әдеби мәтіндердегі баяндау тіліне

жақындағанын көруге болады. Мұндай қолданыста сөз етіліп отырған шақтық тұлғаға тән модальдік реңк я азаяды, я мүлдем жоғалып кетеді.

-ып көсемшелі өткен шақтың халық ауыз әдебиеті шығармаларында ертегілерде, ертегі сынды әңгімелерде және аңыздардағы қолданысында модальдік реңк байқалмайды [3, 60].

-ып көсемшелі өткен шақ ауызекі тілде көп қолданылуымен қатар, әдеби шығармаларда да, әсіресе, диалогтарда жиі кездеседі. Мысалы:

Балам, бойың өсіп, *ер жетіп қалыпсың-ау!* (АЖ, 9)

Бағымызға туған дарын болар деп Қуанып ем, сорымызға *туыпсың*. (ҒБ, 263)

Жоғарыда келтірілген мысалдардан өткен шақтың осы формасының қолданысында айғақсыздық немесе басқа адамнан естіп жеткізу аңғарылмайды. Мұнда сөйлеуші өзі байқаған, ұққан ақиқатты баяндап тұр. Алайда сөйлеуші іс-қимылдың жүзеге асқан кезінде саналы түрде куә болмаған. Бұл жерде сөйлеушінің кенеттен ұққан, кейіннен байқаған іс-қимылдар баяндалған.

Сөйлеуші кейіннен байқаған, ұққан, тұжырым жасаған немесе ұмытып есіне түсірген жағдайларды, оқиғаларды білдіру -ып көсемшелі өткен шақтың негізгі функцияларының бірі болып саналады. Мысалы:

Беріліп бір әсем сазды сезімге, *Ұмытыптын* тұрғанымды асығып. (ҒБ, 73)

Рас-ау, мен күн райын көп *сұраптын-ау!* Оны сұрағанша, сенің жүзіңе қарасам етті. (АЖ, 19)

Ақыл менен білімнен Әбден үміт *үзіпін*.

Айла менен амалды Меруерттей *тізіпін*. (Абай I, 250)

Жұмабай жаңа байқады. Бала бестінің төбелін саз балшықпен баттастырып тұрып *сылап қойыпты*. (АЖ, 6)

Қалайы өтсе күмістің есімімен, *Үйреніптіз* қарауға кешіріммен. (ҒБ, 31)

-ып көсемшелі өткен шақ сөйлеушінің кейіннен байқаған іс-қимылдармен қатар, нәтижесі белгілі жағдайларды да білдіреді. Төмендегі мысалдардан байқалатындай, сөйлеуші іс-қимылдың жүзеге асу, оқиғаның болу мезгілінде ол жерде болмайды, яғни бұл функцияда сөйлеуші іс-қимылдың жүзеге асуы, оқиғаның болуы кезінде басы-қасында болмайды, тек нәтижесіне куә болады.

Құнанбайдың үлкен үйіне Ұлжан үйінің бар мүлкіне ие болып отырған Оспан өзі болыс болмаса да, бұл араға бес үлкен үй әкеліп *тіккізіпті*. (АЖ, 203)

Күтуші жігіттер бастарына тегіс орамал байлап алынды. (АЖ)

Сенің-дағы бір гүліңді үзіп ап,
Хатпен маған *жіберінті* сүйгенім. (ҒБ, 76)

Атын да, кісісін де болжай алмады. Әдейі танытпайын деп, бет-аузын *таңып алынды*. (АЖ, 5)

Өткенмен байланысты өкініштер көбінесе өткен шақтың осы түрімен баяндалады. Сонымен қатар бұл формада іс-қимылдың болып өткен кезінде сөйлеушінің көзбен көрмеген, көрсе де білмегеннен, жаңсақтықтан байқамағанын аңғартады. Мысалы:

Жапырағы қуарған ескі үмітпен
Қиял қып өмір сүріп, бос *жүріпін*. (Абай I, 277)

Сүйіндіктің, Сүгірдің малы бар деп, көшіне ілесем деп, көп өмірім текке *өтіпті*. (АЖ, 387)

Сендер көп едіңдер ғой, кешіріңдер
Бірінді бақытым деп *ойламаптын*. (ҒБ, 62)

-ып көсемшелі өткен шақ тұлғасы таңырқауды білдіру үшін де қолданылады.

Онсыз-дағы жаны сұлу балаңа
Сұлу өлім *сыйлапсың* ғой, Жер-Ана! (ҒБ, 90).

Балам, бойың өсіп, *ер жетіп қалыпсың-ау!* (АЖ, 9)

Не жетеді келер күнге деген кәусар сенімге,
Екі досты *ажырата алмапты* ғой өлім де.

(ҒБ, 100)

Маған деген бар сезімін
Қалдырыпты ол бір сөзбен. (ҒБ, 61)

Айналайын көзсіз достық (көзсіздігің бағалы),
Өз басыңның бақытынан *тұрыпсың-ау* жоғары. (ҒБ, 113)

-ып көсемшелі өткен шақ тұлғасы мақал-мәтелдерде де қолданылады. Мысалы:

– Тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп,
Құлағынан *айрылыпты*. (ҚММ, 79)

– Ханның ісі қараға *түсінті*. (ҚММ, 125)

– Сауысқан тоты боламын деп
Жүрісінен *жаңылыпты*. (ҚММ, 165)

– Қойын алдырып қорасын *бекімінті*. (ҚММ, 125)

– Еріншек егіншіден елгезек масақшы *озыпты*. (ҚММ, 101)

Қорыта айтар болсақ, *-ып* көсемшелі өткен шақ тұлғасы ертеде болып өткен іс-қимылды баяндауда жиі қолданылады. Бұл тұлғаның тілші ғалымдарымыздың көпшілігі тарапынан «*ежелгі өткен шақ*» немесе «*бұрынғы өткен шақ*» деп аталуы осы қолданысынан туындап отыр. Бірақ өткен шақтың бұл формасы әр түрлі әдебиеттерден сұрыпталған мысалдардан байқағанымыздай, кейде іс-қимылдың ерте кезде ме, жуықта ма болғанын ажыратпай қолданыла береді. Сондықтан бұл тұлғаны, атап айтқанда *-ып* көсемшелі өткен шақ тұлғасына атау беру мәселесінде оның жоғарыда қарастырылған барлық функционалды-семантикалық ерекшеліктеріне жауап бере алатындай атау тапқан жөн деп ойлаймыз.

Әдебиеттер

- 1 Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктердің шақ категориясы. – Алматы, 1953. – 116 б.
- 2 Тomanov M. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы, 1981. – 264 б.
- 3 Түймебаев Ж. Индикативные формы глагола в казахском языке. – Алма-Ата, 1992. – 116 б.
- 4 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1991. – 382 б.
- 5 Серғалиев М. Қазіргі қазақ әдеби тілі. – Алматы, 1994. – 215 б.
- 6 Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. – Алматы, 1966. – 156 б.
- 7 Исаев С. Қазақ тілі. – Алматы, 1993. – 175 б.
- 8 Қазақ грамматикасы (ұжымдық еңбек). – Алматы, 1999. – 783 б.

References

- 1 Kordabayev T. Kazirgi kazak tilindegi etistikterdin shak kategogoriyası. – Almaty, 1953. – 116 p.
- 2 Tomanov M. Kazak tilinin tarihi grammatikasy. – Almaty, 1981. – 264 p.
- 3 Tuimebayev Zh. İndikativniye formy glagola v kazakhskom yazyke v kazkhskom yazyke. – Almaty, 1992. – 116 p.
- 4 Yskakov A. Kazirgi kazak tili. – Almaty, 1991. – 382 p.
- 5 Sergaliyev M. Kazirgi kazak adebi tili. – Almaty. 1994. – 215 p.
- 6 Mamanov Y. Kazirgi kazak tili. Etistik. – Almaty, 1966. – 156 p.
- 7 İsayev S. Kazak tili. – Almaty, 1993. – 175 p.
- 8 Kazak grammatikasy (uzhymdyk enbek). – Almaty, 1999. – 783 p.